

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 2021 жылғы 8 қаңтардағы № 58/389 "2021-2023 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Бесқұдық ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 2021 жылғы 29 қарашадағы № 13/113 шешімі

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының мәслихаты ШЕШТІ:

1. "2021-2023 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Бесқұдық ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 2021 жылғы 8 қаңтардағы № 58/389 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7006 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

1 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2021-2023 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Бесқұдық ауылдық округінің бюджеті сәйкесінше 1, 2, 3 -қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2021 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер - 27 454 мың теңге:

салықтық түсімдер - 1 644 мың теңге;

салықтық емес түсімдер - 0 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер - 0 мың теңге;

трансферттер түсімі - 25 810 мың теңге;

2) шығындар - 28 572,7 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу - 0 мың теңге:

бюджеттік кредиттер - 0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу - 0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо - 0 мың теңге:

қаржы активтерін сатып алу - 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) - - 1 118,7 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) - 1 118,7 мың теңге

:

қарыздар түсімі - 0 мың теңге;

қарыздарды өтеу - 0 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары - 1 118,7 мың теңге.";

4- тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"4. 2021 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Бесқұдық ауылдық округінің бюджетінде облыстық бюджеттен бөлінген ағымдағы нысаналы трансферттердің көлемі қарастырылсын, соның ішінде:

Бесқұдық ауылдық округі Алабие ауылының көше жарығын ағымдағы жөндеуіне;

Бесқұдық ауылдық округі Черуновка ауылының көше жарығын ағымдағы жөндеуіне;

жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілерінің еңбекақы төлемін арттыруға.

Облыстық бюджеттен аталған нысаналы трансферттерді бөлу "2021-2023 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Бесқұдық ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" Есіл ауданы мәслихатының шешімін іске асыру туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Бесқұдық ауылдық округі әкімінің шешімімен анықталады.";

5- тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"5. 2021 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Бесқұдық ауылдық округінің бюджетінде аудандық бюджеттен бөлінген ағымдағы нысаналы трансферттердің көлемі қарастырылсын, соның ішінде:

рұқсат етілмеген қоқыс үйінділерін жоюға;

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Бесқұдық ауылының көше жарығын ағымдағы жөндеуіне;

жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілерінің еңбекақы төлемін арттыруға.

Аудандық бюджеттен аталған нысаналы трансферттерді бөлу "2021-2023 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Бесқұдық ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" Есіл ауданы мәслихатының шешімін іске асыру туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Бесқұдық ауылдық округі әкімінің шешімімен анықталады.";

аталған шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы
Есіл ауданы мәслихатының хатшысы*

А. Бектасова

Солтүстік Қазақстан облысы
Есіл ауданы мәслихатының
2021 жылғы 29 қарашадағы
№ 13/113 шешіміне
қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы
Есіл ауданы мәслихатының
2021 жылғы 8 қаңтардағы
№ 58/389 шешіміне

2021 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Бесқұдық ауылдық округінің бюджеті

| Санаты | Сыныбы | Кіші сыныбы | Атауы | Сомасы (мың теңге) |
|-------------------|-------------------------------------|-------------|--|-----------------------|
| | | | 1) Кірістер | 27 454 |
| 1 | | | Салықтық түсімдер | 1 644 |
| | 01 | | Табыс салығы | 47 |
| | | 2 | Жеке табыс салығы | 47 |
| | 04 | | Меншікке салынатын салықтар | 1 597 |
| | | 1 | Мүлікке салынатын салықтар | 120 |
| | | 3 | Жер салығы | 13 |
| | | 4 | Көлік құралдарына салынатын салық | 1 464 |
| 4 | | | Трансферттердің түсімдері | 25 810 |
| | 02 | | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер | 25 810 |
| | | 3 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер | 25 810 |
| Функционалдық топ | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі | Бағдарлама | Атауы | Сомасы (мың теңге) |
| | | | 2) Шығындар | 28 572,7 |
| 01 | | | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер | 17 648 |
| | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 17 648 |
| | | 001 | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін | 17 648 |

| | | | | |
|----|-----|-----|---|-------------|
| | | | қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | |
| 07 | | | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық | 9 806 |
| | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 9 806 |
| | | 008 | Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру | 7 386 |
| | | 009 | Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету | 2 420 |
| 15 | | | Трансферттер | 1 118,7 |
| | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 1 118,7 |
| | | 051 | Заңнаманың өзгеруіне байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төмен тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер | 1 118,7 |
| | | | 3) Таза бюджеттік кредиттеу | 0 |
| | | | Бюджеттік кредиттер | 0 |
| | | | Бюджеттік кредиттерді өтеу | 0 |
| | | | 4) Қаржы активтермен операциялар бойынша сальдо | 0 |
| | | | Қаржылық активтерді сатып алу | 0 |
| | | | Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер | 0 |
| | | | 5) Бюджет тапшылығы (профициті) | (- 1 118,7 |
| | | | | |

| | | | | |
|--------|--------|-------------|--|--------------------|
| | | | 6) Тапшылық орнын қаржыландыру (бюджет профицитін пайдалану) | 1 118,7 |
| 7 | | | Қарыздар түсімдері | 0 |
| 16 | | | Қарыздарды өтеу | 0 |
| Санаты | Сыныбы | Кіші сыныбы | Атауы | Сомасы (мың теңге) |
| 8 | | | Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары | 1 118,7 |
| | 01 | | Бюджет қаражаты қалдықтары | 1 118,7 |
| | | 1 | Бюджет қаражатының бос қалдықтары | 1 118,7 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК